

БЕКІТЕМІН
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы»
МҚКК басшысы С. Дауешева
«15» 08 2023 жыл.

**АСТАНА ҚАЛАСЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ
ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ҚАЛАЛЫҚ
«ҮЗДІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР» КОНКУРС-ФЕСТИВАЛІНІҢ ЕРЕЖЕСІ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы ереже Астана қаласындағы колледждердің оқытушылары арасында қалалық «Үздік педагогикалық идеялар» Конкурс-фестивалін (бұдан әрі – Конкурс) өткізу тәртібін, негізгі бағыттарын реттейді.

1.2. Мақсаты:

- педагогикалық бастаманы қолдау және дамыту, оқытушы тұлғасының әлеуетін ашу, педагог мамандығының беделі мен мәртебесін арттыру.

Міндеттері:

- дарынды педагогтерді анықтау;

- педагогикалық қауымдастыққа озық инновациялық педагогикалық тәжірибені ұсыну;

- педагогикалық қызметкерлердің жеке әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

1.3. Конкурсты ұйымдастырушысы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚКК Астана қаласы білім беру қызметкерлерінің Кәсіподағының қолдауымен.

II. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

2.1. Жалпы білім беретін, әлеуметтік-экономикалық, арнайы пәндер оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері, кураторлар, тәрбиешілер, әлеуметтік педагогтар және психологтар.

2.2. Конкурсқа қатысу жеке немесе құрылған команданың құрамында (2 адамнан артық емес) болуы мүмкін.

2.3. Конкурс өткізу тілі – қазақша, орысша, ағылшынша.

2.4. Қатысу форматы – қашықтықтан.

III. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті мен сараптамалық комиссия құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитетінің және сараптау комиссиясының мүшелері Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚКК басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.3. Сараптау комиссиясы Әдістемелік орталық өкілдерінен, әлеуметтік серіктестіктерден, ТЖКББ ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері Ассоциациясының тәжірибелі педагогтерінен құрылады.



IV. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

4.1.1 **кезең** – өтініштерді тіркеу (№1 қосымшаға сәйкес) және Конкурс жұмыстарын қабылдау.

Қатысушылар конкурсқа қатысуға өтінімдерді және конкурстық жұмыстарды **tipokonkurs@mail.ru** электронды поштасына 2023 жылдың 15 наурызына дейін жібереді.

Белгіленген мерзімнен кейін жіберілген материалдар қабылданбайды.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Исина Н.С., Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс тел. 8 (701) 6447318;

- Сейдахметова Б.К., Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ТжКББ бөлімінің әдіскері, байланыс тел. 8 (777) 5338769;

- Шакиров Г.Р., Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК IT және баспа қызметі бөлімінің басшысы байланыс тел: 8 (702) 923 5751;

4.2. **2 кезең** – фестиваль материалдарын сараптау – **17-27 наурыз 2023 жыл**;

4.3. **3 кезең** – фестиваль қорытындысын шығару – **31 наурыз 2023 жыл**.

V. ЖҰМЫСТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Конкурс келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

- «**Үздік бейнесабак**» (бейнесабак ұзақтығы 15 минуттан аспауы тиіс, YouTube сілтемесі салынады). Қатысушылар - колледж педагогтері.

- «**Үздік сыншптан тыс шара**» (бейнетүсірілім ұзақтығы 15 минуттан аспауы тиіс, YouTube сілтемесі салынады). Қатысушылар - кураторлар, тәрбиешілер, әлеуметтік педагогтер, психологтер.

- «**Дәстүрден инновацияға**» (презентация 7 слайдтан артық емес). Қатысушылар - инновациялық технологиялар мен нәтижелері бар ғылыми жобаларды қолданып жүрген колледждегі педагогтер.

- «**ТжКБ бойынша инклюзивті білім беру: жұмыс тәжірибесі**» (презентация 7 слайдтан артық емес). Қатысушылар – ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттермен жұмыс жасайтын колледж педагогтері мен психологтер.

- «**Жастық шақ пен тәжірибе: жас педагог және тәлімгер**» (бейнетүсірілім ұзақтығы 10 минуттан аспауы тиіс, YouTube сілтемесі салынады). Қатысушылар – жас педагогтер мен олардың тәлімгерлері.

- «**Педагогтің үздік сайты (блогы)**» (сілтемелер). Қатысушылар – колледждің педагогикалық қызметкерлері.

5.2. Конкурс материалдары электронды форматта қабылданады. Конкурс жұмыстары рецензияланбайды және қайтарылмайды.

5.3 Бағыттар бойынша бағалау критерийлері:

❖ «Үздік бейнесабак»:

✓ сабақтың жаңашылдығы (таңдалған тақырыптың өзектілігі, оқытудың белсенді әдістерін қолдану, бағалаудың толықтығы және сындарлы кері байланыс);

✓ сабақты құрылымы (ғылыми, логикалық, оның барлық бөліктерінің өзара байланысы, презентацияның қолжетімділігі);

✓ тәрбиелік-дамытушылық бағыты (жалпы дүниетанымының кеңейтіне, интеллектуалдық қабілеттерінің дамуына, кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеуге ықпал етеді);

✓ нәтижеге жетудегі әдістердің тиімділігі (кәсіби бағдарлау, пәнаралық байланысты пайдалану, практикалық дағдыларды дамыту).

✓ трансляциялау мүмкіндігі (идея мен шығармашылықтың өзіндік ерекшелігі,

мазмұнының қанықтығы мен тереңдігі, оқытудың тиімді әдістерін қолдану және оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға жағдай жасау);

✓ ресімдеу (жақсы сапалы бейнетүсірілім, ұзақтығы 15 минуттан аспауы, жазбаша немесе ауызша сөйлеуде грамматикалық және стилистикалық қателердің болмауы).

❖ **«Үздік сыныптан тыс шара»:**

✓ сыныптан тыс жұмыстардың жаңашылдығы (таңдалған тақырыптың өзектілігі, әлеуметтік маңыздылығы, практикалық бағыттылығы);

✓ сыныптан тыс іс-шараны құрылымы (шараның мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді, оның барлық бөліктері қисынды және өзара тығыз байланыста, студенттердің шараға толық қатысады);

✓ тәрбиелік-дамытушылық бағыты (жалпы адамзаттық құндылықтарды тәрбиелеу, кәсіби қасиеттерді тәрбиелеу, ой-өрісін кеңейту);

✓ нәтижеге жетудегі әдістердің тиімділігі (әдістемелік және тәрбиелік техниканың мақсатқа сәйкестігі, эмоционалды әсер етіу, демонстрациялық (үлестірме) материалды пайдалануы).

✓ трансляцияға қабілеттілігі (идея мен шығармашылықтың өзіндік ерекшелігі, мазмұнның байлығы мен тереңдігі, психологиялық жайлылық).

✓ ресімдеу (жақсы сапалы бейнетүсірілім, ұзақтығы 15 минуттан аспауы, жазбаша немесе ауызша сөйлеуде грамматикалық және стилистикалық қателердің болмауы).

❖ **«Үздік сыныптан тыс шара»:**

❖ **«Дәстүрден инновацияға»:**

✓ жаңашылдық (инновацияны енгізудің өзектілігі, теориялық негізділігі, практикалық маңыздылығы);

✓ материалдың мазмұны (ғылыми, логикалық тұрғыда түсінікті, талдау, дәстүр мен жаңашылдықтың байланысы бар);

✓ тәрбиелік-дамытушылық бағыты (жалпы көзқарасты кеңейту, кәсіби құзыреттіліктерді дамыту, студенттердің мотивациясын арттыру);

✓ тиімділік (болашақ мамандық үшін құндылығы, нәтижеге жету үшін қолданылған әдістері мен тәсілдерінің ұтымдылығы, талдау мен бақылау жүргізілуі);

✓ трансляциялау мүмкіндігі (идея мен шығармашылықтың өзіндік ерекшелігі, мазмұнның байлығы мен тереңдігі, тиімді әдіс-тәсілдерді көрсету және студенттерге жағдай жасау);

✓ ресімдеу (презентация 7 слайдтан артық емес, слайдта грамматикалық және стилистикалық қателердің болмауы).

❖ **«ТЖКБ бойынша инклюзивті білім беру: жұмыс тәжірибесі»**

✓ әлеуметтік маңыздылығы (таңдалған тақырыптың өзектілігі, практикалық бағыттылығы);

✓ жүйелілік (оқу процесінің қисындылығы, оның барлық бөліктерінің байланысы, тұтастығы);

✓ тәрбиелік және дамытушылық аспектілері (жалпы дүниетанымын кеңейту, кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, ерекші білім беру қажеттілігі бар оқушылардың мотивациясын арттыру);

✓ тиімділік (белгілі бір нәтижеге жету);

✓ трансляциялау мүмкіндігі (идеяны, жұмыс тәжірибесін басқа білім беру ұйымдарында қолдана алу мүмкіндігі);

✓ ресімдеу (презентация 7 слайдтан артық емес, слайдта грамматикалық және стилистикалық қателердің болмауы).

❖ **«Жастық шақ пен тәжірибе: жас педагог және тәлімгер»**

- ✓ қызмет мазмұны (жас маманның табысты бейімделуіне ұйымдастырушылық-әдістемелік жағдай жасау, үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге қажеттілік пен мотивацияны дамыту, жұмыста қолданылатын құқықтық құжаттамамен жұмыс);
- ✓ жүйелілік (жас педагогтің жеке даму траекториясы, консультациялар мен педагогикалық тәлімгерлікті жүзеге асыру және жоспарлау);
- ✓ тиімділік (жас мұғалімнің құндылық бағдарларын қалыптастыру, оның кәсіби құзыреттілігін арттыру);
- ✓ тәрбиелік-дамытушылық бағыты (жалпы дүниетанымының кеңеюіне, интеллектуалдық қабілеттерінің дамуына, кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеуге ықпал етеді);
- ✓ трансляциялау мүмкіндігі (идеяны, жұмыс тәжірибесін басқа білім беру ұйымдарында қолдана алу мүмкіндігі);
- ✓ ресімдеу (жақсы сапалы бейнетүсірілім, ұзақтығы 10 минуттан аспауы, жазбаша немесе ауызша сөйлеуде грамматикалық және стилистикалық қателердің болмауы).

«Педагогтің үздік сайты (блогы)»»

- ✓ дизайн (эстетика, қызмет бағытына сәйкестігі, грамматикалық және стилистикалық қателердің болмауы);
- ✓ өндіргіштік (ыңғайлы навигация, бетті жүктеу жылдамдығы, ақпараттың қолжетімділігі);
- ✓ сайт мазмұны (білім алушыларға түсінікті контент, байланыс деректері, кері байланыс формалары және т.б.);
- ✓ инновациялық (креативтілік және функционалдылық);

VI. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

- 6.1. Әр номинация бойынша ұпай санына сәйкес орындарды бөлу.
- 6.2. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталады – Конкурстың әр бағыты бойынша I, II, III дәрежелі дипломдар.
- 6.3. Жүлдегерлерді марапаттау офлайн түрінде өтеді.
- 6.4. Конкурс нәтижелері Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК сайтында орналастырылады <https://astana-modern.edu.kz/>
- 6.5. Конкурстың барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

Қосымша 1

«Қалалық педагогикалық идеялар» Конкурсына қатысуға
ӨТІМ

№	Аты-жөні (толық)	Жұмыс орны, лауазымы	Жұмыс атауы	Жұмыс бағыты	Байланыс (ұялы телефон, электрондық поштасы)
1					

Аты-жөні _____

Қолы _____

Қүні, айы, жылы _____

